

А.Қ. Аймағамбетовке

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу және Әдеп жөніндегі уәкілдер институты туралы

Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі – БҒМ) барлық **68** ведомстволық бағынысты ұйымдарында (орталықтар, ЖЖОКБҰ, ҒЗИ) әдеп және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің профилактикасы жөніндегі уәкілетті институттар (бұдан әрі-уәкілеттілер) құрылды.

2020 жылғы тамыздан бастап БҒМ Орталық аппараты қызметті үйлестіреді, әдістемелік көмек көрсетеді, ведомстволық бағынысты уәкілетті ұйымдардың және облыстардың (қалалардың) білім басқармаларының атқарған жұмысы туралы есептерін тыңдайды.

Бүгінгі күні Уәкілеттілермен (апта сайын) **40-тан** астам кездесулер өткізілді, олардың қорытындылары бойынша тапсырмалар мен хаттамалар дайындалуда. Барлық Уәкілеттілердің атқарылған жұмыс туралы баяндамалары және қаралып отырған **саладағы жағдайды бақылау туралы растамалары тыңдалды.**

Барлық ведомстволық бағынысты ұйымдар әлеуметтік желілерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыс жарияланатын аккаунттар ашты. Ұйымдардың ресми сайттарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілдер мен ұйымның қызметі туралы дербес деректер бар.

БҒМ ведомстволық бағынысты ұйымдарында, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында, ғылыми-зерттеу институттарында өз қызметі бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар бекітілді.

Министрліктің ұсынысы бойынша қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды жергілікті атқарушы органдардың білім беру ұйымдары (орта мектептер, колледждер) әзірлейді.

Қазіргі уақытта «Парақорлықпен күрес менеджменті жүйесі» стандарттарын енгізу және бекіту процесі жүріп жатыр. Бүгінгі таңда ISO 37001 стандарты Абай атындағы ҚазҰПУ-да және Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде енгізілген.

Министрлік ішкі актілерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу жөніндегі үлгілік қағидаларды қабылдады, олардың негізінде

ведомстволық бағынысты ұйымдар өздерінің ішкі Қағидаларын қабылдады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптаманы жүзеге асырады.

Ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметкерлерін ынталандыру мақсатында персоналды басқару жүйесіне 2020 жылдың қыркүйегінен бастап айдың үздік қызметкерін таңдау бойынша ай сайынғы конкурстар тәжірибесі енгізілді. Осы уақытқа дейін **150-ге** жуық қызметкер айдың үздік қызметкерлері деп танылды.

Әдеп жөніндегі уәкілдер институтын тиімді дамыту және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында ведомстволық бағынысты ұйымдардың бірінші басшыларына:

- жарғыларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты енгізу, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу және анықталған бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдау үшін бірінші басшылардың дербес жауапкершілігін бекіту;

- ай сайынғы негізде ұжымның жалпы жиналыстарында Уәкілеттілердің есептерін тыңдау;

- тоқсанына бір рет ұжымды сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға оқытуды жүзеге асыру;

- мемлекеттік сатып алуға тартылған қызметкерлерді осы саладағы заңнамаға оқыту;

- этика және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мәселелері бойынша докторантура бағдарламасы бойынша кемінде бір, магистратура бағдарламасы бойынша кемінде үш диссертациялық зерттеудің болуын жыл сайынғы негізде қамтамасыз ету;

- басқа ведомстволық бағынысты ұйымдарда әдеп және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мәселелері бойынша жылына кемінде бір дөңгелек үстел өткізуді қамтамасыз ету.

Қ. Сәрсембаев